



«Жастар және мәдени мұра» атты республикалық білім беру-тәжірибелік жобаның

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ұйымдастырушы: Қазақстандық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы

Серіктестер: ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросы, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік мұра Ұлттық комитеті, «Kazakhstan Tourism» ҰК АҚ, облыстық және ұлттық мұражайлар, кітапханалар, Қазақстанның 14 облысындағы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы мәдениет басқармалары.

Бүгінде әлем жаһандық дағдарысты бастан кешіруде. Қазіргі COVID-19-бен байланысты дағдарыс өмірдің барлық салаларының, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық, мәдени салалардың да әлсіз жақтарын көрсетті. Бұл дағдарыстың экономикалық және әлеуметтік салдарлары терең болады және ұзаққа созылады. Дағдарыстың бұрын болмаған сипаты мен ауқымы күш біріктіру мен ынтымақтасуға, дамудың қолда бар стратегиясын түзетуге немесе жаңа стратегия әзірлеуге мәжбүрлейді.

Мемлекеттік шекаралардың жабылуы, әуе хабарламаларының тоқтатылуы, қозғалыс еркіндігінің шектелуі мәдени жақындасу, мәдениетаралық диалог және тұрақты әлем құру салаларындағы ЮНЕСКО күтетін көріністерді кері (қарама-қарсы) түрде бейнелеуде. Мәдениеттің қолжетімді болуын қатаң шектеу - қоғамның үйлесімді дамуына, тарихи тәжірибе мен құндылықтарды сақтауға қарама-қайшы, адамның қазіргі жағдайға жылдам бейімделуіне бағыт сілтейді. Қазіргі таңдағы ЮНЕСКО-ның миссиясы – өз-өзін оқшаулау және шектеу шараларын енгізу кезінде мәдениеттің қолжетімді болуын ілгері бастыру.

ЮНЕСКО әлеуметтік өзгерістер мен инновациялардың қозғаушы күші жастар деп біледі. ЮНЕСКО 2014-2021 жылдарға арналған Жастарға қатысты жедел стратегия, Материалдық емес мәдени мұра және әлеуетті нығайту және Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы (2013-2022 жж.) деген бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, түрлі мәдени бағдарламалар мен ресурстар арқылы жастарға өз әлеуеттерін жергілікті және жаһандық деңгейлерде көрсетуге және оны адамзат игілігіне пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы мәнмәтінде Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы «**Жастар және мәдени мұра**» атты республикалық білім беру-тәжірибелік жобаны бастауда.

Мақсаты: Қазақстанның мәдени мұраларын медиа құралдар арқылы жастар арасында және халықаралық қоғамға кеңінен насихаттау.

Міндеттер:

- Қарқынды өзгеріп келе жатқан әлемдегі тұрақтылықты білдіретін және түрлі мәдениеттерді бейнелейтін мәдени және табиғи мұра нысандары туралы түсінік пен білімді тарату;
- Жастарда табиғи және мәдени мұра нысандарына деген ортақ жауапкершілік сезімін дамыту арқылы олардың осы нысандарды қорғау мен сақтауға қатысуын арттыру;
- Туризмнің Қазақстан мұрасының мәдени және табиғи нысандарының жағдайы мен сақталуына келеңсіз әсерін қашықтықтан қатысуға арналған платформалар құру арқылы барынша азайту;
- Қазақстанда тұрақты туризмнің дамуына жағдай жасау;
- Жергілікті билік органдары, мұра нысандарының әкімшілігі және жастар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал ету;
- Туристік бағыттар өтетін аумақтардың табиғи, тарихи және мәдени құндылықтары туралы ақпаратты жүйелеу.

География: Қазақстанның 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары.

Қатысушылар: 3 адамнан топқа біріккен 16-29 жас аралығындағы барлық тілек білдірушілер.

Өтінімдерді қабылдау: 2021 жылдың 20 мамырынан 30 маусымына дейін.

Тіркелу үшін сілтеме:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpOLSDa1IVm2Kx_p5KJ6iYqYfK2uU-Cg5n9DNWLs_MyQIXIVsEhg/viewform?usp=sf_link

Білім беру бағдарламасы. Орталық Азия аймағы өзінің мәдени және табиғи әртүрлілігімен белгілі. Жастар мәдени және табиғи мұраларды қорғау және сақтауға белсенді қатыса алуы үшін оларда осы нысандардың құндылықтары туралы, осы үдеріспен байланысты мәселелер мен қиындықтар туралы түсінік болуы тиіс. Осылай бескүндік білім беру бағдарламасы жас қатысушыларға дүниежүзілік мұра саласындағы түсініктері мен білімдерін көбейтуге, сарапшылармен өзара әрекеттестікке және жастарды мұраны қорғау мен насихаттауға тереңірек тарту мүмкіндіктерін тудыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тренингтер дүниежүзілік мұра нысандарына төнген заманауи қатерлерді және оларды шешудің мүмкін жолдарын жақсырақ түсінуге; сыни ойлау, мәселелерді шешу, зерттеу мен талдау, қарым-қатынас сияқты өмірлік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Туризм бойынша тренингтер тұрақты туризмді дамыту бағыттары мен оның дүниежүзілік мұра нысандарына әлеуетті ықпалын зерттеуге және мұра, басқа мәдениеттер, құндылықтар мен дәстүрлерді туризм арқылы жақсырақ зерттеуге болатындығын түсінуге жағдай туғызады. Сторителлинг, аудиогид және бейнегид негіздері бойынша тәжірибелік сабақтар медианы пайдалану саласында біліктілікті арттыруға, мәдени мұра нысандарының құндылықтары мен маңыздылығын түсіне отырып, олар туралы түсінікті кеңейтуге мүмкіндік тудырады.

Тәжірибелік бағдарлама. Білім беру бағдарламасы аяқталған соң топтар жергілікті және ұлттық, дүниежүзілік деңгейлердегі мәдени және табиғи мұра нысандарынан тұратын, осы нысандар мен элементтердің құндылықтары мен бірегейлігі туралы баяндайтын туристік бағыттарды әзірлеуге кіріседі. Мұражайлар, тарихи және өлкетану кітапханалары, облыстық мәдениет басқармалары сияқты серіктестердің қолдауы және сол орындардағы жеке сарапшылардың көмегі себепті оларға мәліметтердің шексіз көлемі қолжетімді болады. Олардың материалдық мұрадан бөлек, өз аймағының материалдық емес мәдени мұрасын зерттеуге және сапарды бояулар мен эмоцияларға толтыру үшін оларды әңгімелерге қосуға мүмкіндіктері болады. Топтардың зерттеу жұмысын тәлімгер-

сарапшылар үйлестіретін болады, қажет болған жағдайда олардың жұмысын түзетеді, бағыт пен тарихты жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.

Нәтиже. Бағыттар мен тарихты бекіткеннен кейін топтар өз бетінше орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде бейне- және аудиогидтер дайындауы қажет. Барлық аудио- және бейнегидтер осы жоба аясында әзірленген арнайы қосымшаға және «Izi.Travel» халықаралық платформасына жүктеледі. Жобаның орындалуының нәтижесінде республика аумағында қауіпсіз сапарлар үшін жабдықталған және адамдар мен табиғат үшін маңыздылыққа ие тәрбиелік, білім беру, табиғатты қорғау, сауықтыру және мәдени-танымдық қызметтер атқаратын туристік соқпақтар пайда болады. Республика тұрғындары мен қонақтары үшін бұл – белсенді демалыс пен сауығу және Қазақстанның барлық облыстарының көрнекі жерлерімен танысу мүмкіндігі.

Қорытындылар. Барлық аудио- және бейнегидтер әділқазылар алқасының төрелігіне ұсынылады. Әділқазылар 17 жеңімпаз топты іріктейді де, осы топтардың қатысушылары «Киелі Оңтүстік» мәдени бағдарламасына және Алматы қаласына ресми марапаттау рәсіміне шақырылады.

Жобаның барлық қатысушылары қатысқандығы туралы сертификат, ал жеңімпаздар дипломмен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Жоба кезеңдері:

- I. Тренингтер (2021 жылдың 12-16 шілде аралығы);
- II. Зерттеу жұмысы (2021 жылдың 17-30 шілде аралығы).
- III. Бағыттарды құру (2021 жылдың 1-15 тамыз аралығы).
- IV. Аудиогидтер жазу және бейнегидтер түсіру (2021 жылдың 15 тамыз – 30 қыркүйек аралығы).
- V. Марапаттау рәсімі. Түркістан, Шымкент және Тараз қалаларына сапар. (2021 жылдың қыркүйек-қазан айлары)
- VI. Бағыттар мен қосымшаны таныстыру (2021 жылдың қазан-қараша айлары).

Байланыс контактілері:

Қазақстандық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы

8 700 394 3232, 8 727 394 3232

www.unescoclubs.kz, https://instagram.com/unescoclubs.kz?utm_medium=copy_link